



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№9
(2388)
Сәрсенбі
4 ақпан
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР БАЯНДАЛДЫ

Өткен дүйсенбі күні облыс әкімдігінің Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов брифинг өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы баяндап, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сыр өңіріне деген айрықша қолдауының арқасында, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен ауданымызда айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асып келеді. Аудан халқының әл-ауқатын жақсарту бағытында алда атқарылар жүйелі жұмыстарда жетерлік.

2025 жыл Сыр өңіріндегі Қазалы ауданы үшін бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен толайым табыстың кезеңі болды деп айтуға болады. Бүгінде Қазалы ауданының экономикасының барлық саласында тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. 2025 жылға арналған аудан бюджетінің кірестері 18,9 млрд. теңге болып бекітіліп, 21,6 млрд. теңгеге нақтыланды. Оның ішінде, өз кірістеріміз 3,1 млрд. теңгеге бекітілсе, нақтыланған жоспар 4,1 млрд. теңге, нақты 4,5 млрд. теңгеге орындалып, бекітілген бюджеттен 1,4 млрд. теңге қосымша түсім қамтамасыз етіліп, 43,9% ұлғайды.

2026 жылға арналған аудан бюджетінің көлемі 13,6 млрд. теңге болып бекітілді. Оның ішінде, өз кірістеріміздің жоспары 4,2 млрд. теңге.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында 2025 жылы оң тенденция сақталды. Өнеркәсіп өндірісі – 112,3% (32 млрд. 863 млн.теңге), өңдеу өнеркәсібі – 112,8% (28 млрд. 863 млн. теңге), сауда – 101,1% (16 млрд. 181,8 млн. теңге), ауыл шаруашылығы – 103,6% (30 млрд. 869,4 млн.теңге), негізгі капиталға тартылған инвестиция – 105,1% (29 млрд. 681 млн.теңге), құрылыс



жұмыстарының көлемі – 145,6% (20 млрд. 726 млн.теңге), тұрғын үй құрылысы – 105,7% (67 093 ш.м.) пайызға артты.

Кәсіпкерлік саласы бойынша.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласында бүгінге дейін 5371 кәсіпкер тіркеліп, нақты жұмыс істеп тұрғаны 5216 бірлік, яғни, белсенділік көрсеткіші – 97,1 пайыз болды. 2025 жылы ауданда жаңадан 32 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 71 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді.

2025 жылы ауданда 2 млрд. 400 млн. теңгеге ірі 4 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 3 жоба іске қосылды. Оның ішінде ерекше атап өтетін «Тауарлы балық өсіру тоғанының құрылысы» жобасы. Жеке кәсіпкер О. Медеубаеваның 600 млн. теңгенің сауда үйі, Е.Алданазаровтың 650 млн. теңгенің аквапарк пен қоғамдық тамақтану орны, А.Бақытбектің 500 млн. теңгенің қонақ үйі.

Басықара аулынан «Арал рыборг» ЖШС 650 млн. теңгенің тауарлы балық өсіру тоғанының жобасы бойынша, кәсіпкерге 464 гектар жер учаскесі табысталып, тоғанның құрылысы жүргізілді. Өткен жылы 400 мың дана балық шабақтары әкелініп, тоғандарға жіберілді. «Тауарлы балық өсіру тоғанының құрылысы» жобасы 2027 жылға қарай толығымен іске қосылмақ. Жобаға сәйкес мұнда барлығы 52 тоған жұмыс істеп, келер жылы 500

тоннаға жуық тауарлы балық алу жоспарланып отыр.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023-2024 жылдары 883,5 млн. теңгеге 131 жоба қаржыландырылып, 128 жұмыс орны, 2025 жылы 288,8 млн. теңгеге 40 жоба қаржыландырылып, 50 жұмыс орны ашылды.

Ауыл шаруашылығы ди-хандары 2025 жылы 17 мың 445 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастырып, егін мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күріш 5 мың 636 гектарға егіліп, әр гектардан 42,8 центнерден өнім алынып, 24 мың 124 тонна күріш жиналды.

2026 жылға 17 мың 257 гектарға егін егу жоспарлануда. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 6 мың гектарға егіледі деп күтілуде.

Биылғы жылы Президент Жолдауында көрсетілген агроөнеркәсіп кешенінде су үнемдеу технологияларын енгізуге байланысты егін шаруашылықтарында су үнемдеу технологияларын енгізу, су тапшылығы жағдайында өнімділікті төмендетпеу мақсатында егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстары қолға алынауда.

Облыс әкімінің қолдауымен 2026 жылы сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін қайта жаңғырту мақсатында республикалық бюджеттен жұмысты бастауға 801,8 млн. теңге қаржы бөлінді. Жоба құны

2 млрд. 589,5 млн. теңгені құрайды.

2025 жылы ауданнан Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Литва, Нидерланды елдеріне 6235 тонна өнім, 1 508 тонна күріш, 813 тонна балық, 4074 тонна қамыс экспортқа шығарылды.

Бүгінде аудан бойынша мал басында өсім бар, 50392 бас ірі қара, 54751 бас жылқы, 13563 бас түйе, 87 665 бас уақ мал, 6884 бас құс тіркелген.

Инженерлік-инфрақұрылым.

Ауданымызда халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жалғасуда.

2025 жылы «Сарбұлақ», «Шилі», «Шәкен», «Шитүбек» елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарына Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекетке қайтарылған активтер есебінен, республикалық, облыстық және арнайы есеп шоттан, 1 млрд. 494,6 млн. теңге бөлініп, нәтижесінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазалы ауданының халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылды.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2025 жылға Қазалы қаласының электр желілерін толық жаңғырту жұмыстарына (2024 жылы 111,4 млн. тг.) 336,7 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде (Жоба құны 580,0 млн. теңге). 2026 жылға облыстық бюджетті нақтылау барысында аталған нысанның жұмысын жалғастыруға 132,0 млн. теңге бөлінді.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында 442,8 млн. теңгеге Қожабақы аулының электр желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары толық атқарылды. Ү.Түктібаев аулының электр желілерін жөндеуден өткізуге бюджеттік кредиттен 218,5 млн. теңге (Жоба құны 242,8 млн. теңге) бөлініп, жұмыстары жүргізілуде. Нысан жақын күндері пайдалануға беріледі.

Электр желілерінің тозу деңгейі 2024 жылы 69 пайызға төмендесе, 2025 жылы 68 пайызға төмендеп отыр.



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР БАЯНДАЛДЫ

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің аралығында орналасқан нысандар мен тұрғын үйлердің электр энергиясының тұтыну қуаттылығын арттыру мақсатында 2025 жылға қосалқы стансасының құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 378,2 млн. теңге қаржы бөлінді. Нысан 2026 жылға өтпелі (Жоба құны 1 млрд. 417 млн теңге).

Елді мекендерді газдандыру жобалары бойынша.



2024 жылдың аяғында Абай аулы (347,6 млн. тг.), 2025 жылы Ақтан батыр аулы (325 млн. тг.) табиғи газ отынына толыққанды қосылды. Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Түктібаев елді мекендеріне газ жеткізу құбырларының құрылысына 1 млрд. 562,4 млн. теңге қаржы бөлінсе, 2025 жылға жобаның жұмысын жалғастыруға 2 млрд. 171,1 млн. теңге бөлініп, жұмыстары толық аяқталды (Жоба құны 3 млрд. 733,5 млн. теңге). 2025 жылы ауданымыз 75 пайызға газбен қамтылып отыр (2024 жылы 70 пайыз).

2026 жылға Жанқожа батыр (120 млн. тг. Жоба құны 336,8 млн. тг.), Бекарыстан би (300 млн. тг. Жоба құны 594,4 млн. тг.), «Майдакөл» (80 млн. тг. Жоба құны 267,5 млн. тг.), Түктібаев (180 млн. тг. Жоба құны 361,9 млн. тг.) елді мекендеріне орамшілік газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн. теңге қаржы бөлінді. 2026 жылдың соңына дейін елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 78,5 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Автомобиль жолдарын дамыту бойынша.

2024 жылы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесі 88,2 пайызды құраса, 2025 жылы Жанқожа батыр ауылының кіре беріс және «Әлсейіт» көпірінен бастап, Бекарыстан би ауылына дейінгі аралықтағы автомобиль жолдары 1 млрд. 313,5 млн. теңгеге (9,5 шақырым) күрделі жөнделуден өткізіліп, аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесі 91 пайызды

құрады.

2026 жылға Қожабақы-Аранды (Жобаның болжамды құны 777 млн. теңге) және «Қарлан» учаскесінен «Бірлік» ауылына дейінгі аралықтағы (Жоба құны 255 млн. теңге) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жоспарымызда бар. 2026 жылға жобаны бастауға аудандық бюджеттен 10 млн. теңге қаржы бөлінді.

2025 жылы қала және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге 1 млрд.

орташа жөндеу жұмысын жүргізу жоспарымызда бар. Қазіргі уақытта 10 көшенің жұмысын бастауға аудандық бюджеттен 10 млн. теңге қаржы қаралып отыр.

2026 жылға Қожабақы ауылының тұсындағы темірбетонды көпірге күрделі жөндеу жұмысын бастауға облыстық бюджеттен 363,3 млн. теңге қаржы бөлінді. Жоба құны 512 млн. теңге.

2026 жылға Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының екі аралығындағы 4 жолақты жолдың түнгі жарықшамдарын орналастыруға 102,3 млн. теңге қаржы бөлініп, бүгінде түнгі жарықшамдар толықтай іске қосылды.

2022 жылы Қазалы ауданындағы аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16 шақырымдағы «Қарлаң» учаскесінен темір бетонды көпір құрылысы басталған болатын. Алайда мердігер мекеме «СтандартОйлКзо» ЖШС-інің жауапсыздығы салдарынан көпір құрылысы тоқтап қалған болатын. Мердігер мекеме өзіне жүктелген міндеттемелерін толық орындамау салдарынан сот процестері жүргізіліп, келісім шарт біржақты бұзылды. Сондай-ақ, көпір құрылысы жұмыстарын аяқтау үшін қайта мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз болып «НұрлыТау ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі анықталды. 2025 жылдың сәуір айында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен көпір құрылысы қайта басталып, жаңа мердігер мекеме тиісті жұмыстарды бастады.

«Қарлаң» көпірінің жұмысын жалғастыруға 758,4 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілсе, «Қарлаң» көпірінің жоба сметалық құжаттарының қажетті қаржысына қайта есептеме жүргізіліп, жоба құны 6,3 млрд. теңгеге ұлғайтылды.

2026 жылға облыстық бюджет бекітілгенде «Қарлаң» көпіріне 2,2 млрд. теңге бөлінсе, 2026 жылға бюджетті нақтылауда 4,1 млрд. теңге қаралып, барлығы 6,3 млрд. теңге бөлініп отыр.

Көпір құрылысын жылдың соңына дейін аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз.

Құрылыс саласын дамыту бойынша.

2025 жылдың басында аудандық прокуратураның жаңа ғимараты пайдалануға берілді. (Құны 339,8 млн. тг.). 2025 жылы бюджеттен 1 млрд. 320,5 млн. теңгеге 2 пәтерлік 40 тұрғын үй сатып алынып, 80 отбасыға жаңа баспана табысталды. Мамыр айында аудан орталығы - Әйтеке би кентінде Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен қолға алынған «Руханият орталығы» ғимараты пайдалануға берілді. Орталықтың жоба құны - 1 млрд. 753,5 млн. теңге. «Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында 399,1 млн. теңгеге «Майдакөл» аулында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізіліп, ел игілігіне пайдалануға берілсе, жақында ғана аталған жоба аясында Бекарыстан би ауылында жаңа спорт кешені пайдалануға берілді. (Жоба құны 398,5 млн. теңге). Бұдан бөлек, жоба аясында Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» саябағы (Жоба құны 628,7 млн. теңге), Қожабақы (Жоба құны 537,1 млн. теңге) аулындағы спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Спорт кешендерінің құрылысы мамыр айында аяқталып, пайдалануға беріледі.

Бүгінде Қазалы ауданындағы 120 жылдық тарихы бар теміржол вокзалы күрделі жөнделуден өтті. Тарихи ғимаратты қайта жаңғырту жұмысына «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1,6 млрд. теңге қаржы бөлінді. Ал, «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1,3 млрд. теңгеге вокзал жанындағы теміржол өткелі қайта салынып, аймақ басшысының қатысуымен ел игілігіне пайдалануға берілді.

Білім саласы бойынша.

Ауданның білім беру саласында барлығы 91 білім беру ұйымдары жұмыс істейді. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында наурыз айында Жанқожа батыр аулынан 300 орындық мектеп пайдалануға берілді (Бөлінген қаржысы 3 млрд. 938,8 млн. тг.).

2025 жылы аудан орталығындағы №234 Ж.Жабаев атындағы мектепке 457 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізілсе, 8 білім ордасына ағымдағы жөндеу жүргізуге 372,9 млн. теңге бөлініп, жұмыстар толық атқарылды.

Аудандағы білім ордаларын жабдықталған кабинеттермен қамтамсыз ету мақсатында 304,7 млн. теңге бөлінсе, 25 білім беру ұйымдарына талапқа сай бейне-камера орнатуға 180 млн. теңге қаржы бөлінді.



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР БАЯНДАЛДЫ

Денсаулық саласы бойынша.

2025 жылдың басында мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аудандық көпбейінді орталық аурухана ғимаратына жаспарлас 42 төсектік кардиология және инсульт орталығының құрылысы басталды. (Құны құны 1 млрд. 848,2 млн. теңге, оның ішінде арнайы шоттан 1 млрд. 700 млн. теңге ОБ 148,2 млн. теңге).

Халыққа жоғары және сапалы медициналық көмек көрсетуге арналған орталық 2025 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілді. Бүгінде орталыққа КТ аппараты әкелінсе, жыл соңына дейін аудан тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі болып келген МРТ құрылысы орнатылмақ. Қазіргі таңда жаңа аппараттармен жұмыс істейтін тиісті мамандардың білімі жетілдірілді.

2025 жылы «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында 185,2 млн. теңгеге Әйтеке би кентіндегі «Болат жолы» (96,5 млн. тг) және Бекарыстан би аулындағы (88,7 млн. тг) дәрігерлік амбулаторияларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауданның денсаулық сақтау саласында 2025 жылы айтулы жаңалықтар болды. Мәселен, өткен жылы аудандық ауруханада жүрек ырғағының бұзылыстары бойынша алғаш рет аритмологиялық жоғары мамандандырылған оталар жасалынды. Мұндай жоғары мамандандырылған ота Республика бойынша аудандар арасында алғаш рет Қазалы ауданында жасалынып отыр. Осы ретте, осындай күрделі оталарға қатысып, саланың дамуына үлкен үлес қосып жүрген Көбек Наршабаев, Жиенбаев Асылбек, Кенесары Баспаев сынды дәрігерлерімізді айта кеткен жөн.

Спорт саласы бойынша.

2025 жылы аудан спортында да жағымды жаңалыққа толы болды. Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің ерекше қолдауымен ауданымызда спорттық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жолға қойылды.

Өткен жылы аудан спортшылары спорт түрлері бойынша Азия чемпионаттарында 1 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль жеңіп алды. Халықаралық турнирлерде 2 алтын, 6 күміс, 7 қола медальды қоржынға салды.

Қазалылық спортшы Толыбай Зарина Шри-Ланка елінің Коломбо қаласында бокстан өткен Азия Чемпионатында 75 келі салмақта чемпион атанса, Болат Ақбота 48 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдені

иеленді. Оған қоса, Бішкек қаласында өткен гир көтеруден Азия чемпионатында Бөлекбаев Мейрамбек күміс және қола медальдарын иеленді. Бахрейн мемлекеті Манама қаласында гандболдан жасөспірімдер арасында өткен 3-ші Азия ойындарында жерлесіміз Көпжан Бану Қазақстан құрама сапында III орын иеленді.

Мәдениет саласы бойынша.



СПОРТ САЛАСЫ

2025 жылы Мәдениет саласында ауқымды шаралар өткізілді. Өткен жылы қазалылықтар Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесімен Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесін жоғары деңгейде атап өтті. Мереке қарсаңында ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген аймақ басшысы мен Сенат, Мәжіліс депутаттары және қонақтар мәдени шараларға қатысып, бірқатар жаңа нысандардың ашылуына куә болды. Жалпы жыл көлемінде ауданда түрлі ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 1507 іс-шара өткізілді.

Биылғы жылы Ел Тәуілсіздігінің 35 жылдығын, атақты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының 450 жылдығын, мерейтойлар аясында республикалық ақындар айтысын, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, композитор Кеңес Дүйсекеевтің 80 жылдығын атап өтуді жоспарлап отырмыз.

Әлеуметтік сала бойынша.

Әлеуметтік саланың дамуын жеделдету – біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндет.

2025 жылы 4741 жұмыс орны ашылды. Оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар негізінде қайтарымсыз грант алғандар 146 адам, әлеуметтік жұмысқа 60, жастар практикасына 311, ақылы қоғамдық жұмысқа 939, күміс жас жобасына 85, 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнына 958, ауыл

аманатына 66, тұрақты жұмысқа 1957, ұлттық жоба бойынша 276 адам жұмыспен қамтылды. 2025 жылдың қортындысымен жұмыссыздар саны 1139 адам, жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрап отыр.

Жастар саясаты

Қазір аудан халқының 29,7 пайызы жастар. 2025 жылы ерікті жастардың қатысуымен 200-ден аса іс-шаралар өткізілді.

Жастардың бос уақытын

абаттандыру мақсатында 80 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Нысан 2026 жылға өтпелі.

Облыстық бюджеттен 15 млн. теңгеге Жанкент елді мекеніндегі саябаққа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсе, аудандық бюджеттен Қазалы қаласындағы орталық алаңды абаттандыруға 20 млн. теңге бөлініп, жұмыстар толық атқарылды.

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жүзеге асып келеді. Бұл тазалық науқанына барша қазалылықтар жыл сайын белсене атсалысып келеді. Аталған акция аясында санитарлық тазалық пен абаттандыру бағытындағы шаралар аудан көлемінде кең ауқымда ұйымдастырылып, жыл басынан бері жалпы саны 100-ден астам сенбілік өткізілді. 20840 тонна қоқыс арнайы орындарға

шығарылып, оның 7688 тоннасы сұрыпталды. Ал, тазалық шаралары аясында аудан бойынша жыл басынан бері 41900 ағаш егіліп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Құрметті брифингке қатысушылар!

Ауданымызда 2025 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің легі осындай. Алда атқарылар жұмыстар ауқымды, мақсат-міндеттер де жоғары.

Жоспарланған жұмыстарды іске асыруға ел Президенті мен Үкімет басшысы, аймақ басшысы тарапынан үлкен қолдаулар көрсетілуде. Жыл соңына дейін ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту бойынша міндеттер тұр. Оның ішінде салықтық түсімдер көздерін, инвестиция тарту, кәсіпкерлік пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайту. Бастысы – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі. Елде тыныштық пен бірлік болса, алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына құтты қадамдар жасалып, аудан халқының қолдауымен жүзеге асыратын боламыз.

Тыңдағандарыңызға рахмет, - деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов брифингке арнайы қатысқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Жұлдызай ЖЫЛҚАЙДАР,
«Тұран-Қазалы».
Қызылорда қаласы.

ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР МАРАПАТ ТӨРІНЕН КӨРІНДІ

Сыр өңірінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайды ұйымдастыруға үлес қосқан бірқатар қазалылық азаматтарға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Алғыс хаттары» табысталды.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен марапаттау шарасына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, Ұлттық құрылтайдың V отырысында Президент көтерген маңызды бастамаларға кеңінен тоқталды.

- Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысы ел болашағы үшін айрықша маңызға ие. Президентіміз алқалы жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына, жүзеге асырылып жатқан жүйелі жобаларға және облыс басшылығының еңбегіне жоғары бағасын берді. Биылғы жылы Сыр өңірінде жаңа драма театры мен Президенттік



кітапхана ғимаратының салынатынын айтты. Бұл бастамалар өңірдің рухани және әлеуметтік дамуына тың серпін беретіні сөзсіз. Тиімділігі зор жобаның

тағы бірі – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізінің Қызылорда-Ақтөбе бағытындағы жолдың төрт жолақты етіп кеңейтілуі.

Көптен күткен бұл жоба өңір экономикасына қуат беріп, транзиттік әлеуетті күшейтетіні анық.

Ұлттық құрылтайдың ұйымдастыру жұмыстарына біздің ауданнан да бірқатар қызметкерлер біркісідей атсалысып, шараның жоғары деңгейде өтуіне септігін тигізді. Осы ретте, аталған шараны өткізуге ерекше үлес қосқан азаматтарға аймақ басшысының атынан, өз атыман шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Аудан басшысынан кейін, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз сөйлеп, өңірде Президенттің қатысуымен өткен алқалы жиынның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы жерлестеріміздің шынайы еңбегі екенін жеткізді.

Мұнан кейін аталған шараны ұйымдастыруға үлес қосқан қызметкерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІНЕ ОРАЙ OPEN TALK ФОРМАТЫНДАҒЫ ЖАС САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қазалы ауданында Дүниежүзілік сайлау күніне орай «Open Talk: сайланған әкімдердің және депутаттардың жас сайлаушылармен сенім диалогы» атты кездесуі өтті.

Әйтеке би кентіндегі Руханият орталығында өткен шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілеп, «Amanat» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев, Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев қатысып, жастармен ашық пікір алмасты.

Кездесуде сайлау жүйесінің ашықтығы, азаматтардың саяси белсенділігін арттыру, жастардың қоғамдық өмірге араласуы, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, электронды дауыс беру жүйесінің болашағы сынды өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, спикерлер өздерінің сайлау науқандарынан алған тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға азаматтық жауапкершілік, ел дамуына бейжай қарамау және қоғамдық бастамаларға белсенді қатысу



жөнінде ой-пікірлерін жеткізді. Жиында аудан әкімі шараға қатысушыларды Дүниежүзілік сайлау күнімен құттықтап, жас сайлаушылармен еркін форматта пікір алмасты. -Бүгінгі Open Talk форматындағы бұл басқосу – жай ғана кездесу емес. Бұл – ой еркіндігіне, ашық пікірге, өзара сенімге құрылған маңызды диалог алаңы. Әсіресе, елдің ертеңі саналатын жас буын-

мен ашық сөйлесу – біз үшін үлкен жауапкершілік әрі үлкен мүмкіндік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әрдайым «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын алға тартып келеді. Ал, бұл ұстанымның түп-тамыры – сайлау, яғни халықтың еркін білдіру тетігі екені белгілі. Сондықтан сайлау – бір күндік науқан емес, ол – ұзақ мерзімді са-

яси мәдениеттің, азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Бүгінде Қазалы ауданында 39 сайлау учаскесі болса, ондағы дауыс берушілер саны 47652 адамды құрайды. Сайлаушылар ішінде ерлер 24313, әйелдер 23339. Ал, оның ішінде 11234 жас сайлаушылар. Сіздердің сайлау науқанында дауыс беруге қатысуларыңыз – жай ғана азаматтық борыш емес, бұл – ел тағдырына тікелей әсер ететін шешім. Бүгін дауыс бермеген жас – ертең қабылданған шешімге ренжуге моральдық құқығы жоқ. Сондықтан, сайлауға қатысу – белсенді азаматтың басты белгісі, - деді аудан басшысы Алмасбек Әбілқасымұлы.

Еркін диалог форматында өткен басқосу жастар үшін мазмұнды әрі мотивациялық алаңға айналып, жас сайлаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, билік пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.